



Zaŋgar

Адамның сәні - өнер,
білім, ақылы

30 қазан 2025 жыл

2004 жылдың наурыз айынан шығады

№8 (592)

Ұлттық мереке ұлықталған күн

Жәңгір хан университетінде 25 қазан – Республика күніне орай «Қыран елім – Қазақстан» атты мерекелік іс-шара өтті.

Салтанатты жиында сөз алған басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов профессор-оқытушылар мен білім алушыларды ұлттық мерекемен құттықтап, биыл Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның қабылданғанына 35 жыл толғанын атап өтті. Салтанатты шара барысында білім ордасында ұзақ жылдардан бері қызмет атқарып келе жатқан ардагер ұстаз, ғалым Ермек Айталиевке «ҚР Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі табысталды. Сонымен қатар бір топ оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер облыс және қала әкімдерінің алғыс хаттарымен, ректордың Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мерекелік шараны университеттің шығармашылық ұжымдары мен өнерлі жастары ән-бимен көркемдеді.



Қаржаубай ДОСОВ,
Индустриалды-технологиялық институтының аға оқытушысы, магистр:

– Бұл оқу орнындағы еңбек жолым 1991 жылы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институты деп аталған кезден басталды. Алдымен ветеринария, зоотехния салалары бойынша жоғары білім беру процесіне араластым. Кейін 2007 жылы қазіргі Ин-



дустриалды-технологиялық институтында жұмысымды жалғастырып, оқытушы, аға оқытушы болып еңбек еттім. Оқу-білім және тәрбие жұмыстарымен қатар ғылымға бет бұруға ниеттеніп, 2018 жылдан бастап докторантурада білім алдым. Сондай-ақ профессор Сәрсенбек Монтаевтың жетекшілігімен керамика-бетон технологиясы бағытындағы инновациялық жобаларды жүзеге асыруға атсалысып жүрмін. Бұл жобалардың мақсаты – қазіргі проблемаға айналған экологиялық өндіріс қалдықтарын жою, қоршаған ортаны таза ұстау. Осы жобаға қатысу арқылы экономикалық тиімді, энергияны үнемдейтін құрылыс материалдарын өндіру саласына үлесімді қосып келемін. Диссертациялық тақырыбым да осы бағытты қамтиды. Республика күніне орай аймақ басшысының марапатына ұсынған институт директорына және университет ректоратына, осы марапатқа лайық деп тапқан әріптестеріме ризашылығым шексіз. Әр қызметкердің қалтқысыз адал қызметін бағалайтындары көңілге қуаныш ұялатады. Алдағы уақытта ел болашағының жарқын болуы үшін әлі де аянбай қызмет етуге дайынбыз!



Бибігүл ГҰБАШЕВА,
Цифрлық экономика және тұрақты даму институтының доценті, а.-ш.ғ.к.:

– Елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы – Республика күні қарсаңында университетімізде оздырылған мерекелік шара барысында Орал қаласының әкімі М.Бәйменовтің алғыс хатымен марапатталдым. Мен үшін бұл марапат – осы оқу орнында 1994 жылдан бері атқарып жүрген еңбегімнің жемісті нәтижесі деп қабылдадым. Сол үшін институт және университет басшылығына алғысым шексіз. Себебі, өз өмірінің саналы кезеңінде адам қоғамның

дамуына елеулі үлес қосады және сол үлесі еленсе екен дейтіні хақ. Қазіргі таңда «Өнеркәсіптік экология» білім беру бағдарламасы ұжымымен және Тұрақты даму орталығымен көптеген мемлекеттік құрылымдардың, салалық ұйымдардың және қалдықтарды қайта өңдеу саласындағы жетекші кәсіпорындардың өкілдерімен бірлесіп түрлі шаралар өткізіп келеміз. Біздің іс-шараларымыз өскелең ұрпақтың назарын материалдарды тұтыну мен қайта пайдалануда экологиялық жауапты көзқарастың маңыздылығына аударуға және экологиялық сана мен мәдениет қалыптастыруға бағытталған.



Назгүл ХАЙРОВА,
Политехникалық институтының аға оқытушысы, магистр:

– Ұстаз үшін еңбегінің еленуі – үлкен мәртебе. Ұлттық мереке қарсаңында университет ректорының Құрмет грамотасымен марапатталуым – мен үшін зор қуаныш әрі үлкен жауапкершілік. Жас маман болсам да, азды-көпті еңбектің бағаланғаны өз мамандығым деген сүйіспеншілігімді арттыра түсті. Болашақ кәсіби мамандарға білім мен тәрбие беру үлкен жауапкершілік жүктейді. Мен өз салам бойынша студенттерге кәсіпорындар мен өндіріс орындарындағы өмір қауіпсіздігі, еңбек құқығын қорғау бағытында дәріс беремін. Қандай салада болмасын, жас маман ең алдымен қауіпсіздік шараларын білуі тиіс деп ойлаймын.

Жаңа бағдарлама ашылды

Жәңгір хан университетінде биыл «Сәулет» білім беру бағдарламасы іске қосылып, алғашқы білім алушылар оқуға қабылданды. Бұл – Батыс Қазақстан облысының жастары үшін жаңа кәсіби мүмкіндік.

Бұл бағыттың ашылуы өңірдің шығармашылық және инженерлік әлеуетін арттырумен қатар жастарға өз туған жерінде сапалы сәулеттік білім алуға жол ашты. Сәулет – тек ғимараттар мен құрылыстарды жобалау емес, сондай-ақ адамдардың өмір сүру ортасын көркемдік және функционалдық тұрғыда үйлестіру өнері. Сондықтан жаңа бағдарламаның басты мақсаты – заманауи ойлайтын, ұлттық және әлемдік архитектураны қатар

меңгерген білікті мамандар даярлау.

Жаңа бағдарлама халықаралық талаптарға сәйкес жасалып, болашақ сәулетшілердің шығармашылық және кәсіби қабілеттерін дамытуға бағытталған. Алғашқы курстарда студенттер сурет, кескіндеме, мүсіндеу, макет жасау сияқты пәндерді меңгеріп, кеңістік ойлау мен көркемдік талғамын қалыптастырады. Ал үшінші курстан бастап оқу мазмұны тереңдей түсіп, сәулеттік жобалау, құрылыс материалдары, қала құрылысы, BIM-технологиялар сынды кәсіби пәндер оқытылады. Теория мен тәжірибе қатар жүріп, студенттер нақты жобалар арқылы кәсіби дағдыларын жетілдіреді.

Білім беру процесінің тәжірибе ге бағытталуы да болашақ мамандарға кәсіби



түрде шыңдалуға ықпал етері сөзсіз. Студенттер жобалық ұйымдар мен құрылыс компанияларында тағылымдамадан өтеді, шығармашылық шеберханаларда жұмыс істейді және түрлі байқаулар мен көрмелерге қатысады. Университетте арнайы

жабдықталған компьютерлік сыныптар, интерактивті тақталар, макет жасауға арналған зертханалар қарастырылған.

Университет басшылығының айтуынша, жаңа бағдарламаның ашылуы аймақтың даму қарқынымен тікелей байланысты.

Қазір Батыс Қазақстан өңірінде тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың құрылысы белсенді жүріп жатыр. Осы жобаларды сапалы іске асыру үшін жергілікті, заманауи білім алған сәулетшілердің үлесі ауадай қажет. Біздің мақсатымыз – өңір жастарына сапалы сәулеттік білім беріп, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту. Болашақ сәулетшілеріміз еліміздің батыс өңірінің жаңа келбетін қалыптастырып, туған жерінің көркеюіне үлес қосады деп сенеміз.

Университет қабырғасында бес жыл оқитын түлектер специалитет деңгейіндегі жоғары білім дипломын алады.

Мейрамбек ЕСҚАЛИЕВ,
Индустриалды-технологиялық институтының аға оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі

Тәуелсіздікке бастау болған тарихи күн

Әрбір елдің тарихында тағдыршешті кезеңдер болады. Қазақстан үшін сондай ұлы бетбұрыстың бірі – 1990 жылғы 25 қазан, яғни Республика күні. Бұл күн – еліміздің тәуелсіз мемлекет болуға деген алғашқы нақты қадамы жасалған тарихи дата.

Сол күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны» қабылдап, еліміздің саяси дербестігін, аумақтық тұтастығын және табиғи байлықтарға меншік құқығын жариялады. Бұл құжат – Тәуелсіздікке бастар жолдағы алғашқы белес, қазақ халқының ғасырлар бойғы азаттық арманын жүзеге асырудағы маңызды кезең болды. Сондықтан Республика күні – Тәуелсіздік күнінің бастауы, ел егемендігінің тарихи негізі саналады.

1990 жылдың 25 қазанында қабылданған Егемендік туралы Декларация – Қазақстан тарихындағы аса маңызды саяси-құқықтық акт. Бұл құжатта алғаш рет Қазақстан өз аумағында заң шығару, экономикалық дербестік, сыртқы саясат жүргізу, табиғи байлықтарға иелік ету құқығын жария етті. Декларацияның қабылдануы Кеңес Одағының ыдырау кезеңімен тұспа-тұс келді. Ол кезде көптеген одақтас республикалар егемендігін жариялап, дербестікке ұмтылған болатын. Қазақстан да сол тарихи үдерістің бел ортасында тұрды. Бұл құжат еліміздің егемен мемлекет болуға қабілетті екенін дәлелдеп, тәуелсіздік идеясының заңдық және саяси негізін қалады.

Республика күні – Қазақстан



тәуелсіздігінің алғашқы қадамы. 1990 жылғы Декларацияның қабылдануы нәтижесінде еліміз өз болашағын өзі айқындайтын құқықтық және саяси негізге ие болды. Дәл осы құжаттан кейін Қазақстанның егемендігі нақты заңнамалық тұрғыдан бекітіліп, 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң» қабылданды. Сондықтан 25 қазан мен 16 желтоқсан – бір-бірімен тығыз байланысты тарихи даталар. Егер Республика күні болмаса, Тәуелсіздік күні де дәл солай жүзеге аспас еді. Бүгінде бұл мереке ел дамуының бастау нүктесі, мемлекеттіліктің алтын тұғыры ретінде бағаланады.

Қазіргі таңда Республика күні – ұлттық сана мен тарихи жадының қалыптастырудың маңызды құралы ретінде айқындалып отыр. Бұл мереке

тек өткенді еске алу ғана емес, қазіргі ұрпақтың санасына тәуелсіздік идеяларын сіңіру мен патриоттық рухты қалыптастыру мақсатында аталып өтеді.

2022 жылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың №873 Жарлығымен Республика күніне «ұлттық мереке» мәртебесі берілді. Бұл – егемендікке қол жеткізудегі тарихи қадамның мемлекет тарапынан жоғары бағалануының көрінісі. Мемлекеттік органдар мен білім беру мекемелері бұл күнді кеңінен насихаттап, қоғамдық санада оның тарихи рөлін нығайтуда. Мысалы, Жәңгір хан университетінде жыл сайын осы ұлттық мерекеге орай іс-шаралар, тақырыптық лекциялар, ғылыми конференциялар, эссе байқаулары және студенттік дебаттар ұйымдастырылады. Бұл – жастар арасында тарихи оқиғаларға деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, олардың бойында азаматтық жа-

уапкершілік пен отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондай-ақ әскери кафедра базасында патриоттық кездесулер, ардагерлермен жүздесулер, «Егемен елдің ертеңі – жастар» атты форумдар өткізу дәстүрге айналған. Мұндай іс-шаралар жастарды ел тарихын құрметтеуге, мемлекеттің тағдырлы шешімдеріне терең мән беруге үйретеді. Республика күні арқылы мемлекеттік егемендік, ұлттық бірлік, аумақтық тұтастық, заң үстемдігі және қоғамдағы рухани келісім сияқты конституциялық құндылықтардың мәні насихатталады. Бұл күн ел болашағына сенім мен мақтаныш сезімін ұялатып, азаматтық белсенділікті нығайтуға да зор ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, Республика күні – Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке жасаған алғашқы нақты және заңды қадамының символы. Бұл мереке – қазақ халқының тарихи жадының бір бөлігі, елдік пен еркіндіктің бастауы. 25 қазан күні қабылданған Егемендік туралы Декларация – ұлттың өз тағдырын өзі айқындауға деген ұмтылысын бекемдеген тарихи құжат. Бүгінгі таңда Республика күні тек тарих сабағы емес, ол – ұлттық идеологияның, қоғамдық сананың және жастар саясатының біртұтас бөлігі. Бұл күн – ұрпаққа бағытталған рухани бағдар, азаматтық тәрбиенің алтын арқауы.

Сондықтан әрбір қазақстандық азамат үшін Республика күні – елдік пен бірліктің, рух пен тәуелсіздіктің жарқын белгісі ретінде ұлықталуы тиіс.

Сұлтанияр БАЗАРҒАЛИЕВ,
Әскери кафедра бастығының
орынбасары, запастағы майор

Через игру – к патриотизму

24 октября в ЗКАТУ имени Жангир хана прошла спортивная эстафета среди обучающихся 2 курса образовательной программы «Физическая культура и спорт».

Организаторами мероприятия были старший преподаватель факультета Гуманитарной, спортивной и военной подготовки А.Джакупова и студенты ФКиС 23-02.

Цель мероприятия: Воспитание у студентов чувства патриотизма, гордости за свою страну, уважение к государственным символам и истории Казахстана, а также развитие командного духа, сплочённости и физической активности через участие в спортивно-познавательных играх, посвящённых Дню Республики Казахстан.



Прежде чем приступить к состязаниям прозвучал Государственный гимн Республики Казахстан. Обучающиеся перед началом спортивного мероприятия вышли на построение, затем студенты поделились на команды. На старт вышли 2 команды: «Орлы» и «Дружба». Первым заданием было представление команд. Оно было задорным и рифмованным. Командам были предложены занимательные, непростые конкурсы, где они смогли проявить свои спортивные навыки, ум и смекалку. В процессе соревнования студентам было предложено 4 вида эстафет. Все этапы этого увлекательного соревнования проходили в напряженной борьбе. Спортивный задор и желание добиться победы для своей команды захватывали членов команды настолько, что

они не замечали происходящего вокруг. На спортивной площадке царили смех, шум и веселье. Все были счастливы! В конце соревнований были подведены итоги. Победила дружба.

Проведенный спортивный праздник сплотил обучающихся. Участвуя в спортивной эстафете, студенты почувствовали себя настоящим коллективом. Соревнования стали праздником спорта, здоровья, молодости! Все команды были награждены сладкими призами. Пусть в ваших сердцах всегда живёт любовь к Родине и стремление делать Казахстан ещё лучше!

Айгуль ДЖАКУПОВА,
старший преподаватель факультета
Гуманитарной, спортивной
и военной подготовки



Ұстаздың еңбегі өлшеусіз

Бүгінде жоғары оқу орнында білім алып жүрсем де, мектеп қабырғасында он бір жыл білім берген аяулы ұстаздарымның еңбегі өлшеусіз.

«Ұстаз» деген атаудың өзінде қаншама мән-мағына, тұлғалық қадір-қасиет, елеулі еңбек жатыр. Түсінген адамға бұл – қастерлі де қадірлі мамандық. Ақынды да, ғалымды да, дәрігерді де оқытатын мұғалімнің мәртебесін арттыру, қадір-қасиетін дәріптеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі екені де жасырын емес. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай атамыз айтқандай, нағыз ұстаздың басты міндеті – шәкіртінің жүрегіне білім нәрін себу, дұрыс жолды көрсету. Ұстаз өзінің шәкіртіне өмірдің қиын да күрделі соқпағында адаспай, дұрыс жолды таңдауына септігін тигізеді.

Мен – Жәнібек ауданына қарасты Ақоба ауылындағы Хаби Халиуллин атындағы ЖОББ мектебінің түлегімін. Он бір жыл осы мектепте білім нәрімен сусындап, үлкен өмірге қанат қақтым. Ұстаздарымның маған берген тәлім-тәрбиесі ерекше. Атап айтсам, бастауыш сыныпта сабақ берген Дархан Пайдина мен орта буыннан бастап ұстаздық еткен Балжан Хасиноваға ерекше алғыс айтқым келеді. Ұстаз болса, осы жандардай-ақ болсын. Бізді қолдап, дұрыс жолға бағыттаған – осы ұстаздарымыз. «Жақсы ұстаз – мектептің жүрегі» деген қанатты сөздің мәні де осы болса керек. Өз ісіне шын берілген жандар шәкіртінің бойына шыдамдылық, жауаптылық сынды қасиеттерді сіңіреді. Мұндай қасиеттер адам бойынан табылмаса, онда ешбір істің нәтижесі болмайды. «Шыдамдының ісі оң, шыдамсыздың ісі

кем», «Жауапсыздық жарға жығады», «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген халық мақалдары – соның дәлелі.

Өмірінде ерекше орны бар оқытушыларды осылай биіктерге көтеріп, мақтаныш етіп айту – қандай керемет! Себебі ұстаздың еңбегі – ұрпақ тәрбиесімен өлшенеді. Шәкірттің жетістігі – ұстаздың мерейі, елдің болашағы. Сондықтан ұстазға құрмет көрсету – әрқайсымыздың парызымыз. Ұстаз еңбегін бағалай білген ел ешқашан еңсесін түсірмейді. Елімізде осындай өз кәсіптеріне адал, мейірімді, жанашыр мамандық иелері көбейе берсін. Ұстазға деген шынайы алғыс пен құрмет – ұлттың рухани дамуының кепілі.

Бибіназ ӘДІЛХАН
Ветеринария және агротехнология институты (ВТ-25-05)

Мой учитель

Учитель - это не просто человек, который передаёт знания. Для меня он всегда был примером терпения, мудрости и вдохновения. Я обучаюсь в Западно-Казахстанском аграрно-техническом университете имени Жангир хана, на 4 курсе специальности «Информационные технологии», и только здесь я поняла, насколько велика роль преподавателя в жизни студента.

Всего четыре года учёбы показали мне очевидное: наши преподаватели действительно самые лучшие. И тут неважно, как я учусь или кто я, - факт остаётся фактом.

Преподаватели нашего IT-отдела - это люди, которые не ограничиваются сухим изложением материала. Они умеют объяснить сложное простыми словами, приводить жизненные примеры и делать так, чтобы даже трудные темы становились понятными и интересными. Каждый из них старается, чтобы мы не просто заучивали лекции, но и научились мыслить самостоятельно, находить решения.

Мне особенно нравится, что преподаватели остаются понимающими и открытыми. Они умеют выслушать, поддержать в трудный момент, подсказать направление, когда студент теряется в потоке информации. На парах всегда есть место уважительному диалогу: иногда мы можем пошутить вместе, но

при этом неизменно сохраняется академическая субординация. Их строгость всегда уравновешена добротой.

Наши преподаватели уже сегодня готовят нас к взрослой жизни. Они делятся советами по выбору будущей работы, подсказывают, как вести себя на практике, как показать себя в коллективе. Им действительно небезразлично наше будущее: они переживают за каждого студента, стараются помочь определиться с направлением, предлагают разные компании для стажировок и дают ценные рекомендации, как проявить себя в профессиональной среде.

Важно и то, что они учат нас не только предметам, но и жизненным вещам: быть дисциплинированными, ценить время, уметь работать в команде и уважать труд других. Иногда именно такие уроки запоминаются сильнее, чем формулы или коды.

Учитель в университете - это больше, чем источник знаний. Это наставник, который помогает поверить в себя, подталкивает к развитию и показывает, что ошибки - это не конец, а возможность стать лучше. Благодаря их поддержке мы учимся не только программировать или решать технические задачи, но и формируем качества, которые останутся с нами на всю жизнь: ответственность, трудолюбие, стремление к новым вершинам.

Я искренне считаю, что труд преподавателя достоин наивысшего уваже-

ния. В условиях стремительно меняющегося мира именно они помогают нам быть конкурентоспособными, готовыми к вызовам будущего. Каждый урок, каждая консультация, каждая добрая улыбка преподавателя оставляет след в памяти студента.

Для меня «мой учитель» - это собирательный образ всех тех, кто сегодня работает с нами в университете. Это люди, которые верят в нас, студентов, иногда даже больше, чем мы сами. Именно эта вера придаёт силы идти дальше, несмотря на трудности.

И ещё хочется обратиться к самим студентам: давайте уважать и ценить наших преподавателей. Нас много, а они одни, и на каждого уходит немало сил, энергии и терпения. Неуважение к преподавателю часто рождается не из-за их строгости, а из-за нашей привычки по неопытности: искать лёгкие пути, избегать кропотливого труда и недостаточной усидчивости.

И в завершение хочу сказать, что мы безмерно благодарны вам, наши дорогие Учителя, за ваш огромный вклад в наше будущее и хочу донести маленькую просьбу от всех студентов – не будьте слишком строги к нам. Мы ценим вашу требовательность, но иногда нам так важно почувствовать ваше человеческое понимание и поддержку.

Мейрамгүл КУСТАНОВА,
студентка ОП «ИС-22-02»

Менің ұстазым

Ұстаз дегенде, көбінесе оқушыға сабақ беретін, баға қоятын адам деп елестетеміз. Бірақ менің ұстазым олардан әлдеқайда ерекше. Ол – менің ең жақын ақылшым.

Ұстаз бізді оқытып қана қойған жоқ, ол бізге адам болуды үйретті. Қиындық келсе мойымаудың, мықты болудың жолдарын көрсетті. Ұстазымның бізге деген сенімі мен жылуы – ешқандай теңдесі жоқ құндылық. Әр сөзі – жүрекке жеткен әуен секілді. Біз түсінбей тұрсақ, ол ешқашан ашуланған емес, керісінше әр ісімізге сабырмен және түсіністікпен қарады. Ол әр оқушының өзіндік қабілеті бар екенін сөзсіз білетін. Оқытушымыз бізге: «Сендер – дайын зат емессіңдер.



Сендер – әлі жазылып жатқан, ерекше әдемі кітапсыңдар» дейтін. Біз сабақтан шыққанда, білім алып қана қоймай, қуат

алып, қанаттанғандай күйге енетінбіз. «Сендердің қолдарыңнан бәрі келеді!» деген сөзі – біз үшін үлкен демеу.

Ұстазым – менің күші мығым қорғаушым сияқты. Ол бізге «бестік» алу үшін емес, өз өмірімізді жақсарту үшін оқу керектігін түсіндірді. Ол біздің жанымызға мейірімділік пен әділдіктің дәнігін септі. Менің ұстазымды басқалармен салыстыруға келмейді. Ол – өзінің саналы өмірін өскелең ұрпақтың болашағына арнаған нағыз мамандық иесі. Оны жай ғана «мұғалім» деу аздық етеді. Ол – Ұстаз, ол – Үлгі, ол – біздің өмірдегі ең үлкен Сыйымыз.

Махаббат Аргумбаева
Экономика және тұрақты даму институты (БЛ-25-01)

Жастарға сенім ұялатты

Мемлекет басшысының биылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауы менің болашақ мамандығымға деген қызығушылығымды одан әрі арттыра түсті.

Мен қазіргі уақытта «ветеринария» саласы бойынша жоғары білім алудамын. Маңызды құжатта бұл салаға да айрықша назар аударылды. Президент ауыл шаруашылығына, оның ішінде мал шаруашылығы мен ветеринариялық қауіпсіздікке ерекше мән берді. Ветеринарлық қызметтің тиімділігін арттыру, кадрларды сапалы дайындау, зертханалар мен инфрақұрылымды жаңғырту мәселелері қозғалды. Бұл – ветеринариялық саланың маңызын көрсетіп қана қоймай, болашақта осы салада еңбек ететін жастардың көкейіне сенім ұялатып, қызығушылығын арттырғаны сөзсіз. Мемлекет қолдап отырған мамандықтың иесі болу – мен үшін де үлкен мақтаныш. Сондықтан менің қоғамға пайдалы болуға деген құлшынысым күшейе түсті.

Сонымен қатар Жолдауда Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасына тоқталып: «Тазалық мәдениетін қоғамда терең орнықтыру – өте маңызды міндет. Осы бағытта Үкімет экологиялық ағарту ісінің бірыңғай үлгісін енгізуге тиіс. Бұл жұмыс мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін барлық деңгейдегі білім мекемелерін қамтуы қажет» деді. Біздің университет жастары осы жалпыұлттық жоба басталғалы түрлі экологиялық акцияларға өз үлестерін қосып келеді. Президент аталған жұмыстарға атсалысып жүрген жастарға ризашылығын білдірген кезде де оның ішінде өзіміздің аз ғана болса да үлесіміз болғанына қуандық.

Жалпы Жолдауда білім беру саласына қатысты айтылған бастамалар да көңілімізден шықты. Мемлекет басшысы мектепке дейінгі білім беру мәселесіне ерекше назар аударып, балабақшалармен қамтуды арттыру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін 800 мың оқушы орны құрылатыны туралы мәлімдеді, бұл апатты және үш ауысымды мектептер мәселесін толық шешуге бағытталған. Демек, біздің кейінгі інісіңділеріміздің де алаңсыз білім алуына барлық жағдай жасалады деген сөз.

Жоғары білім беру саласы да Президент назарынан тыс қалмай, оқу орындарының сапасын арттыру қажеттігі айтылды. Осыған байланысты, мемлекет ҰБТ нәтижелері мен басқа да көрсеткіштерге байланысты 30%-дан 100%-ға дейінгі көлемде сараланған білім беру гранттарын бөлуді жоспарлап отыр. Ал техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін еңбек нарығының нақты қажеттіліктеріне бейімдеу қажеттілігі туралы Президент сөзі – жастардың мамандықты қателеспей таңдауына сеп болады деген ойдамын.

Жолдаудан кейін өз болашағыма деген жауапкершілік жүгі арта түсетінін сезіндік. Жаңа мүмкіндіктер, гранттар, білім беру сапасын арттыру – бұның бәрі жастар берілген мүмкіндіктер. Сондықтан бұл Жолдау мен үшін өте пайдалы болды, әрі мотивация берді десем де болады.

Жанат ЖАНДӘУЛЕТОВА,
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ студенті

Мамандар пайдалы кеңес берді

Қазан айында Жәңгір хан университетінде «Саналы ұрпақ – қауіпсіз қоғамның кепілі» тақырыбында кездесу ұйымдастырылып, оған 300-ге жуық студент қатысты.

Алдымен сөз алған «Гуманитарлық және спорттық пәндерді оқыту» орталығының аға оқытушысы, философия ғылымдарының PhD докторы Максот Жанғожиев аталмыш тақырыптың қазіргі қоғам үшін маңыздылығына тоқталды. Ол өз баяндамасында кез келген мемлекеттің болашағы – білімді, тәртіпті, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жас ұрпақтың қолында екенін атап өтті.

Кездесуге қатысқан БҚО Полиция департаменті Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Әділет Тілеуқұлов қазіргі қоғамдағы қауіпсіздік мәселелері туралы жан-жақты ақпарат берді. Ол жастарға бүгінгі таңда түрлі теріс діни және идеологиялық ағымдардың қоғамға тигізер қаупі зор екенін нақты мысалдар арқылы түсіндірді. Сонымен қатар радикалды идеологиялардың белгілері мен олардан сақтану жолдары туралы



мазмұнды әрі пайдалы мәліметтермен бөлісті. Кездесу барысында маман жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, ақпаратты сыни тұрғыда саралау, әлеуметтік желілердегі ықпалға ермеу сияқты маңызды қағидаларды ұстанудың маңызына назар аудартты. Әділет Махамбетұлының айтуынша, саналы ұрпақ қалыптастыру – тек ата-ана

мен ұстаздардың емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Ал «Парасат» қоғамдық бірлестігінің теолог маманы Мұратхан Нәбиғалиев жастармен мазмұнды сұхбат жүргізіп, өзекті мәселелер төңірегінде құнды мәліметтер айтты. Кездесу барысында теолог маман БҚО Дін мәселелерін зерттеу орталығының негізгі жұмыс бағыттарына

тоқталып, мемлекет пен діннің өзара байланысы, қоғамдағы діннің орны жайында кеңінен әңгімеледі. Сонымен қатар теріс діни ағымдардың ерекшеліктері, олардың белгілері мен ықпал ету тәсілдері, күмәнді діни паракшалар арқылы жастарға әсер ету жолдары туралы мысалдар келтірді. Мұратхан Мұхитұлы діни сенім мен ұлттық құндылықтардың өзара үйлесімді дамуының маңызын атап өтіп, бұл ұстаным жастардың рухани кемелденуіне оң ықпал ететінін жеткізді. Ол саналы ұрпақ тәрбиелеу – бүкіл қоғамның ортақ парызы екенін баса айтты.

Кездесу аясында білім алушыларға экстремизм мен радикализмге қарсы тұруда маңызды ақпарат беретін бейнеролик ұсынылды. Теолог маманның терең мазмұнға толы ойлары мен кеңестері жастардың діни сауатын арттыруға, рухани иммунитетін нығайтуға септігін тигізері анық. Шара соңында қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты әрі тұшымды жауаптар берілді. Бұл кездесу жастардың теріс бағыттағы идеологиялардан сақтануына және өз болашағына жауапкершілікпен қарауына сеп болары сөзсіз.

Тіл – мүмкіндіктер көпірі

Университетімізде өткізілген «Жастар және тілдер» тақырыбындағы дөңгелек үстел пікір алмасуға, ой бөлісуге және жаңа идеялармен танысуға арналған маңызды алаң болды. Сонымен қатар бұл жиын – ағылшын тілі пәні оқытушысы, шетелдік маман Эмма Тейлормен алғашқы ресми кездесу ретінде есте қалды.



Дөңгелек үстел дәстүрлі академиялық форматтан ерекше — ресми баяндама түрінде емес, еркін әңгімелесу, пікір алмасу түрінде өтті. Әртүрлі институттан келген студенттер тілдің білімдегі, тұлғалық және кәсіби дамудағы рөлін талқылады. Шараның жылы да қолайлы атмосферасы қатысушыларға өз ойларын еркін жеткізуге және тілдік дағдыларын нақты жағдайда қолдануға мүмкіндік берді.

Кездесудің ерекше тұсы – шетелде академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы оқып келген жоғары курс студенттерінің тәжірибелерімен бөлісуі болды. Олар Еуропаның әртүрлі елдерінде білім алып, көпмәдениетті ортада өмір сүру мен оқудың артықшылықтары мен қиындықтары жөнінде айтты. Тіл үйрену, жаңа мәдениетке бейімделу және халықаралық достық орнату туралы олардың әңгімелері студенттерге зор шабыт берді.

Ал Fullbright бағдарламасының қатысушысы, ағылшын тілі пәні оқытушысы Эмма Тейлордың шараға қатысуы кездесудің мәнін арттыра түсті. Көптеген студенттер үшін бұл – шетелдік маманмен алғаш рет

тікелей сөйлесу мүмкіндігі болды. Эмма өз кезегінде көптілділіктің қазіргі жаһандану дәуіріндегі маңызы туралы ойлануға жетелейтін сұрақтар қойып, қатысушыларды белсенді талқылауға тартты. Студенттер тіл үйренудегі уәждері мен қиындықтары, болашақтағы мақсаттары туралы пікір білдірді. Олар шет тілдерін тек оқу үшін емес, жеке даму, мәдени байланыс және кәсіби өсу құралы ретінде меңгерудің маңызын атап өтті.

Кездесу соңында қатысушылар дөңгелек үстелдің рухани серпін мен мотивация сыйлағанын айтты. Халықаралық тәжірибесі бар аға студенттердің әңгімелері мен Эмма Тейлормен болған сұхбат жастарға жаңа мүмкіндіктер мен шабыт сыйлады. Бұл шара тек пікір алмасу емес, жастардың бастамашылдығын, көптілді құзыреттілігін және мәдени алуандықты дәріптеген мереке болды. Ол баршамызға тілдің тек оқу пәні емес, жаңа тәжірибелер мен мүмкіндіктерге жол ашатын көпір екенін еске салды.

Индира ӘБДІҚАДЫР,
Тілдерді дамыту орталығының оқытушысы

Қауіпсіздік – әркімнің жеке жауапкершілігі

Политехникалық институттың 4-курс студенттерінің (6В11200- Өндірістегі тіршілік қауіпсіздігі) «Төтенше жағдайларда қорғау» пәні бойынша практикаға бағытталған сабақтары арнайы мекемелерде өтті.

Атап айтқанда, доцент Диамара Төлегенованың жетекшілігімен өткен сабақтарда білім алушылар БҚО ТЖД-ға қарасты Орал қалалық №5 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде, Мамандандырылған жасак бөлімінде, БҚО ТЖД мемлекеттік мекемесінің жедел-құтқару жасағында болды. Бұл бөлімдер Орал қаласы аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, түрлі апаттар мен төтенше жағдайларда құтқару жұмыстарын жүргізу, халықты қорғау және алдын алу шараларын ұйымдастырумен айналысады. Нәтижесінде болашақ мамандар төтенше жағдайларда әрекет ету дағдыларын практикалық тұрғыда меңгерді.

Студенттер №5 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі, мамандандырылған жасак және жедел-құтқару жасағының нақты қызметімен танысып, олардың кәсіби міндеттері мен қауіпсіздік шараларының

рөлін түсінді. Практикалық жаттығулар барысында өндірістегі тіршілік қауіпсіздігі саласында қауіпсіздік мәдениетін сақтау, топпен жұмыс істеу және шұғыл шешім қабылдау дағдыларын меңгерді. Экскурсия және практикалық көрсетілімдер білім алушылардың теориялық білімін нақты тәжірибемен байланыстырып, құтқару жұмыстарының күрделілігін бағалауға мүмкіндік берді. Сабақ нәтижесінде төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіздік шараларын дұрыс қолдану, құтқару операцияларын ұйымдастыру және кәсіби жауапкершілікті сезіну қабілеттері артты. Теориялық білімдерін нақты тәжірибемен ұштастырып, төтенше жағдайлар кезінде қолданылатын құрал-жабдықтармен және құтқару техникасымен тікелей танысу мүмкіндігіне ие болды. Бұл сабақтар студенттердің кәсіби біліктілігін арттыруға, болашақ маман ретінде төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға үлкен үлес қосты. Практика кезінде өз тәжірибелерімен бөліскен аталған мекемелердің қызметкерлері мен құтқарушыларына алғыс білдіреміз.

Ернар ҚАЙЫРЛЫ (БЖП-22-02),
Жансая ҚАНАТОВА (БЖП-22-03)



Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 592
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Мақаладағы

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru